Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші» Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталану береді.

Шарды ұста

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### Автобус

Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

### Торғайлар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балалармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді. Содан соң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады. Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.

Төгілген жіптерді жылдам жина

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Ортамызда кім жоқ»

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?

Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып, баланың атын айтады.

Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### Бой сергіту өлеңдері

Бала, бала, балақан (қолдарын көтеріп)

Кәне, қайсы алақан? (алақандарын көрсету)

Саусақтарың әйбәт (саусақтарын қимылдату, ойнату)

Былай, былай ойнат.

Аю, аю тұршы (орындарынан тұру)

Бетіңді жушы (екі қолымен бет жуу)

Айнаға қарашы (айнаға қарау қимылы)

Шашыңды тарашы (шаш тарау қимылын жасау)

Күнге қарайық (шеңберге тұру),

Шашымызды тарайық (бастарын жоғары көтеру).

Керіліп, дем алайық (*күнге созылу*),  
Бойымызды жазайық (*қолды белге қою*).

Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)  
Жалаудан күн жасайық (жалаушаларын көтеру)  
Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)  
Жаса, жаса, алтын күн

Орнымыздан тұрамыз (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасату)  
Қолды белге қоямыз  
Иілеміз оңға бір  
Иілеміз солға бір  
Жоғары қолды созамыз  
Аяқтың ұшында тұрамыз  
Бір отырып, бір тұрып  
Біз тынығып аламыз

Біз аяқпен топылдаймыз (мәтінге сәйкес іс-қимыл жасату)  
Біз қолмен шапалақтаймыз  
Баспен біз шайқаймыз  
Қолды жоғары көтеріміз  
Одан кейін түсіреміз  
Одан кейін ақырын  
Орнымызға жүгіреміз

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2026 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: «ЕРКЕ-АЙ»

оп: Кіші топ «Құлыншак»

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.03.2026-03.04.2025 жыл, қыркүйек айы, 1- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.03.2026	Сейсенбі 31.03.2026	Сәрсенбі 01.04.2026	Бейсенбі 02.04.2026	Жұма 03.04.2026
Балаларды қабылдау	Өнегелі тәрбие. Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(тіл дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ауа райына байланысты киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау. (Балармен жеке жұмыс).				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемейу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін таңдауын айтудықалыптастыру. «Құстар әлемі» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауына жағдай жасау және т. б. <b>(тіл дамыту)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>		<p><b>Музыка</b> Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуге дағдыландыру.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> шашырап, 30-20 секунд бойына тоқтамай жүгіру</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 30 x 30 сантиметр модульге өрмелеу.</p>
	<p>«Құстар» жайлы суретерді тамашалап балалардың даусына еліктеу арқылы дыбыстарды, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету <b>(тіл дамыту)</b></p>	<p>Құстар түрлі ойыншықтарын беру. Олардың түсін, көлемін, пішінін, сын есімдермен атауды дамыту <b>(тіл дамыту және көркем әдебиет)</b> Құстардың ұясын</p>	<p>Орман бейнесіндегі фланелеграфқа аңдар (аю, қасқыр, қоян) бейнелерін орналастыруды үйрету <b>(жапсыру)</b> Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс</p>	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. <b>(көркем әдебиет) (сенсорика)</b></p>	<p>Құстар туралы мультфильм қарату. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып орындатып ойнату. Сол мультфильмді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті</p>

	Үстел үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер) құстардың ұяларын құрастыруды үйрету <b>(Құрастыру)</b>	жасату, қолдарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту <b>(сенсорика)</b>	әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру <b>(музыка)</b>		театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды қолданып көрсетумен айтып беруіне ықпал жасау. <b>(тіл дамыту және көркем әдебиет)</b>  Құстар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету <b>(Жапсыру)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Ересектердің басқаруымен киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b> . Күн тәртібіне сәйкес тазаауада болуын қамтамасыз ету.				
<b>Серуен</b>	Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), туралы түсініктерді қалыптастыру. Қаздар мен үйректердің дауысын тыңдату. Оларды қайталау. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>  Орман бейнесіндегі	Еден үсті құрылыс материалдарымен жазықтықта ағаштарды орналастыру құрастырып, орман жасату. <b>(Құрастыру)</b>  Ересектердің еңбегін бақылауға баулу,	Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Құстар сияқты ұшуды пысықтау. Олардың дауыстарын салғызу. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b> Қ/о «Өз үйіңді тап» Балалардың ойынға қызығушылығын	Құстарға жем су бергізу. Олардың ұясына қонғанын бақылату. Суда жүзетін құстардың суреттеріне қарап салыстыру. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту)</b>	Ойыншық түріндегі құстарды (тауық, қаз үйрек) ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b> Еден үсті құрылыс материалдарымен

	<p>фланелеграфқа құстар бейнелерін орналастыруды дамыту <b>(Жапсыру)</b></p> <p>Қ/о «Өз үйңді тап» Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнату</p>	<p>ересектер әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Ойын «Ортамызда кім жоқ»</p>	<p>дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p> <p>Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып (сақиналарды жіпке тізу)тапсырмаларды орындауды дамыту <b>(сенсорика)</b></p>	<p>Суда жүзетін құстарға ұя жасату. <b>(Құрастыру)</b></p>	<p>еркін ойындарды ойнату <b>(Құрастыру)</b> Ойын «Ортамызда кім жоқ»</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. <b>(көркем әдебиет)</b></p>				

<p><b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b>  Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>  Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>.</p>				
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Педагогтің көмегімен таныс өлеңді қосыла қайталуды пысықтау <b>(көркем әдебиет)</b>  Ермексаздан құстардың денесін басын домалақтап жасату, содан соң құс қауырсынын қанат етіп қадап қоюды үйрету <b>(мүсіндеу)</b></p>	<p>Құстар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету <b>(Жапсыру)</b>  Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, Суреттің қарапайым элементтерін (құстардың аяғын, тұмсығын) аяқтап салуды пысықтау <b>(Сурет салу)</b></p>	<p>Кітаптарды қарату. Құстарға керекті заттардың бейнелерін тапқызу.  Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіріп тіл дамыту. <b>(тіл дамыту, көркем әдебиет)</b>  Мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Кесені мүсіндеуде пішіннің орта бөлігін саусақпен басып, тереңдетіп жасауды</p>	<p>Ермексаздан құстар ойнайтын доп жасату. <b>(мүсіндеу)</b>  Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (ағаштың бұтақтарын) салғызу <b>(Сурет салу)</b></p>	<p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (құстардың табағына жем) салғызу <b>(Сурет салу)</b>  Мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Құстарға су беретін табакты мүсіндеуде пішіннің орта бөлігін саусақпен басып, тереңдетіп жасауды үйрету <b>(Мүсіндеу)</b></p>

			үйрету. Құстарға жем беретін ыдыс жасату. <b>(мүсіндеу)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету.	фортепианоның дыбысталуын ажырата білуге үйрету. ртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, санын (біреу-көп деп ,ажыратуын дамыту.	жүріп барып 10-15 сантиметр биіктіктен секіруді үйрету. машиналарды, доптарды, шарларды орналастыру дағдысын дамыту.	әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен тіземен тіреп) еңбектеуді үйрету. көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету.	тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұруды ,доптарды нысанға қарай домалатуды үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Алып шыққан ойыншықтарды, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. <b>(сенсорика)</b> Қ/о «Автобус»	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын тануды үйреету <b>(музыка)</b> Ойын «Ортамызда кім жоқ»	Алып шыққан құрылыс ойыншықтарымен еркін құрастыру ойындары <b>(Құрастыру)</b> Саусақтарымен табақты құмда салуды үйрету	Ләпбукте құстарды дұрыс орналастырып жапсыру. <b>(жапсыру)</b> Қ/о «Өз үйіңді тап»	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. <b>(сенсорика)</b> Қ/о «Автобус»

			(сурет салу) К/о «Ұшақтар»		
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау. ( <b>Балармен жеке жұмыс</b> ).				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың қайтар кезіндегі көңіл күйін талқылау				

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2026 жыл 2 апта

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы**

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.04.2026-10.04.2026 жыл, қыркүйек айы, 2- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.04.2026	Сейсенбі 7.04.2026	Сәрсенбі 8.04.2026	Бейсенбі 9.04.2026	Жұма 10.04.2026
<b>Балаларды қабылдау</b>	Өнегелі тәрбие. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, жүрекше стикер беріп қарсы алу, жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(тіл дамыту).				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау. Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн жылуына байланысты киіндіруге кеңес беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. (Балармен жеке жұмыс.)				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> ) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты				

	ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Көңілді музыка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу ( <b>музыка</b> ) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Ай мен күн» тақырыбында жеке әңгімелер жүргізу. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын дамыту және т. б. ( <b>тіл дамыту</b> )				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>		<b>Музыка</b> Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.	<b>Дене тәрбиесі</b> Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.	<b>Дене тәрбиесі</b> Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.	<b>Дене тәрбиесі</b> Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.
	Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқып беру. «Ай мен жұлдыз» ертегісі. Кейіпкерлердің сөздерін қайталату. дауысын салуды үйрету. <b>(көркем әдебиет және тіл дамыту)</b>	Ұшақтың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталату. Содан соң суретін көрсету. Ұшақ туралы мультиткен үзінді көрсету. Ұшақ болып ұшуды ұйымдастыру.	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Аспандағы бұлттарды мүсіндету. <b>(мүсіндеу)</b> Қаламды үш	Терезеге қаратып, күнге назар аударту. Күн қандай? деген сұраққа жауап беруді үйрету. Күннің суретін көрсетіп, әр балаға жылы сөз айтуды үйрету. <b>(Тіл дамыту)</b>  Домалақ күнге шуақтарын қойдырту.	Қалаған заттың мүсінін жасауды ұсыну және жасау дағдысын пысықтау <b>(Мүсіндеу)</b>  Гулдерді тоғайға жапсыруды үйрету <b>(Жапсыру)</b>

	Балаларда бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін ( айды) салуын жетілдіру <b>(сурет салу)</b>	Құрастыру заттарынан ұшақ жасату. <b>(тіл дамыту, сенсорика, Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>	саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (бұлттарды) салуды меңгерту. дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеулерін дамыту. <b>(Сурет салу)</b>	<b>(сенсорика)</b>	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</b> . Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.				
<b>Серуен</b>	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Балабақша ауласының ережелерін таныстыру. Сырғанақ, әткеншекті пайлану бойынша нұсқаулықтар беру. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>  Доп мүсінін жасауда техникалық	Ағаш бұтақтарынан ұшақ жасату. <b>(кұрастыру)</b>  Ағаштарды бақылату, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Поезд»  Доптарды бір-біріне домалату	Балабақша ауласына шығып аспанға қарау. не көріп тұрғандарын анықтату. Көргендерін атауды, сипаттауды дамыту. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>  Қимылды ойын «Шарды ұста»  Әртүрлі музыкалық аспаптарда	Өлі табиғатпен (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас) әрекет ету түрлерін (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, , тасты жинау, қалау) таныстырып түсініктерді қалыптастыру, Олармен ойнату және эксперимент жасауды ұйымдастыру. Тасты	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауіпті екенін түсіндіру. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b> Қимылды ойын: «Автобус»

	<p>дағдыларды қалыптастыру <b>(мүсіндеу)</b></p> <p>Қимылды ойын «Шарды ұста»</p> <p>Бірдей жұлдыздарды топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. <b>(Сенсорика)</b></p>	<b>(Дене тәрбиесі)</b>	<p>орындалған таныс әуендерді тыңдау, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру <b>(музыка)</b></p>	<p>ағашты суға салуып көруін ұйымдастыру. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p> <p>Фланелеграфқа күнді жапсырту. <b>(жапсыру)</b></p> <p>Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту. Құмда саусақпен күннің сурет салғызу. <b>(сурет салу)</b></p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.</p>				

	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру <b>(көркем әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> .				
<b>Бесін ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Ай мен жұлдыз бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету <b>(Жапсыру)</b>  Өртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру <b>(музыка)</b>	Ұшақтың суретін бояту <b>(Сурет салу)</b> Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру. Дайын ұшақтарға дөңгелек жасату. <b>(Мүсіндеу)</b>  Еркін ойындар  Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті	Аспан әлемі туралы кітаптар қарату. балалар танитын заттарын айтқызу. топтағы сол заттарға ұқсас заттарды тапқызу. Олардан аспан әлемін құрастырту. <b>(тіл дамыту, құрастыру)</b>  Қимылды ойын: «Жалауға қарай жүгір»	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қойуын қалыптастыру. Аспандағы күн, ай, жұлдыз ұшақ, бұлттарды дұрыс топтастыруды жетілдіру. <b>(Құрастыру)</b>  Ермексаздан күн жасату <b>(мүсіндеу)</b>	Ләпбуктен аспан әлемін көрсету, ішіндегі бейнелерді танып атату, тапсырмалар орындату. <b>(тіл дамыту, құрастыру)</b>  Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы айдың қасына майда жұлдыздарды салуды үйрету. <b>(сурет салу)</b>

		театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету  <b>(көркем әдебиет)</b>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту.	өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.	желдің дауысын ууу деп салуды үйрету.	Нурмолда Қаныбек Қуанышұлы аңдар жайлы карточкаларды таныстырп, балалардың дыбыстарды, сөздер мен сөз тіркестерін анық айтылуына назар аударуды үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда	аспанда болатын заттарды тауып лэпбукқа жапсырту. <b>(Жапсыру)</b>	Балаларға жасырынған ойыншықтарға жеткізетін жолдарды құрылыс материалдарынан	«Санжардың ойыншықтары». Әңгіме оқып беру. Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын	Ұшақтармен құстарды қатармен жапсырту. <b>(Жапсыру)</b>

	баланың дербес әрекетін дамыту <b>(құрастыру)</b> Қимылды ойын «Шарды ұста»	Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»	жасату <b>(құрастыру)</b> Балалардың дербес әрекеті.	дамыту. <b>(көркем әдебиет)</b> Доппен ойындар.	Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар», саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. <b>(Балармен жеке жұмыс. )</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2026 жыл 3 апта

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы**

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.04.2026-17.04.2026 жыл, қыркүйек айы, 3- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.04.2026	Сейсенбі 14.04.2026	Сәрсенбі 15.04.2026	Бейсенбі 16.04.2026	Жұма 17.04.2026
Балаларды қабылдау	Өнегелі тәрбие. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(тіл дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Қауіпсіздік кережелерімен таныстыру.Отбасында ағаш гүл отырғызу жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертенгі жаттығулар жасату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> ) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды				

	үйрету				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Көңілді видео музыка сүйемелдеуімен қарапайым би қимылдарын орындату: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отырыу, аяқтан аяққа тербелу ( <b>музыка</b> ) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Ағаштар мен гүлдер» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. ( <b>тіл дамыту</b> )				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>		<b>Музыка</b> Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету мен (қанатын жайып ұшқан ойындар мен әндерді сахналату.	<b>Дене тәрбиесі</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру..	<b>Дене тәрбиесі</b> Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру	<b>Дене тәрбиесі</b> Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).
	Қонаққа келген көктем аруының себетіндегі заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан	<b>Көктем</b> Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. ( <b>көркем әдебиет</b> )	«Бауырсақ» ертегісін тыңдату сұрақтарға жауап алу. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін екі бөлек карточкадан құрастырып тану дағдысын дамыту ( <b>тіл дамыту, құрастыру</b> ) Саз балшықтан	Қонаққа келген апаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан	Педагогтің көмегімен таныс көктем шағын өлеңді толық қайталауға ынталандыру <b>тіл дамыту, көркем әдебиет</b> Ермексиздан ағаштардың

	<p>әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Тез жинау ойынын ойнату <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Көңілді музыка сүйемелдеуі мен қонаққа келген көктем аруымен балалардың бірге билеуін ұйымдастыру <b>(музыка)</b></p>	<p>Түрлі түсті шарларды салғызу <b>(сурет салу)</b></p>	<p>ертегідегі шалқанды жасауды үйрету <b>(мүсіндеу)</b></p> <p>Өз қалаулары бойынша құрылымдар құрастырғызу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдыларын қалыптастыру <b>(құрастыру)</b></p>	<p>әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Көңілді музыка сүйемелдеуімен қонаққа келген қуыршақпен балалардың бірге билеуін ұйымдастыру <b>(музыка)</b></p>	<p>жапырақтарын жасату. <b>(мүсіндеу)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b>).</p>				
<b>Серуен</b>	<p>Құмда гүлдердің суретін салғызу. <b>(сурет салу)</b></p> <p>Гүлдер мен ағаштарды</p>	<p>Құрастырмалы материалдардан орындықты құрастырғызу <b>(құрастыру)</b></p>	<p>Су қасиетімен таныстыру( алақанға су құю, оның ағып кететінін, заттардың бататын батпайтынын анықтату.)</p>	<p>Құрғақ және суланған құм қасиеттерімен таныстыру. Шағын күлше пішіндегі қалыптарға салып</p>	<p>Құрғақ және суланған құм қасиеттерімен таныстыру. Шағын күн пішіндегі қалыптарға салып</p>

	<p>таныстыру. Оларға сукүйғызу <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>	<p>Ойншық түріндегі аңдармен (аю, қасқыр, коян) таныстыру оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу дағдысын дамыту <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. <b>(жапсыру)</b></p> <p>Еркін ойындар, жеке жұмыстар</p>	<p><b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b> Еркін ойындар.</p> <p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар) дағдысын дамыту <b>(музыка)</b></p>	<p>аударып қарату. Шашылған құмды жинау дағдыларын дамыту <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды құм бетінде саусақпен жеңіл жүргізуді үйрету. <b>(мүсіндеу, сурет салу)</b></p>	<p>аударып қарату. Шашылған құмды жинау дағдыларын жетілдіру <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Алып шыққан сенсорлық ойыншықтармен еркін ойындар <b>(сенсорика)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Құмда сурет салғызу. <b>(сурет салу)</b></p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін</p>				

	қалыптастыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру. ( <b>көркем әрекет</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. ( <b>дене жаттығулар мен белсенділігі</b> ) Киімдерін ретгілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
<b>Бесін ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Қуыршаққа арналған әшекей білезікті жасату және жапсыру дағдысын жетілдіру ( <b>жапсыру</b> )  <b>Ермексаздан қуыршаққа шарлар жасау (мүсіндеу)</b>	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар) дағдысын дамыту ( <b>музыка</b> ) Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізу дағдысын пысықтау	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік қысқа сызықтарды қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, жаңбырдан соң өскен шөптердің суретін салғызу ( <b>сурет салу</b> )	Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін	Фланелграфқа бұлттар мен жаңбыр тамшыларын жапсырып, орналастыру дағдыларын дамыту ( <b>жапсыру</b> ) Еркін іс әрекеттер

		(сенсорика)		дамыту (сенсорика, жапсыру)	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.	әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау дағдысын дамыту.	орталықтарға бөлініп үстел құрастыру және үстелге қоятын табақты мүсіндеуді үйрету.	сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету. қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды үйрету. суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар  Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>(Тіл дамыту)</b> Қ/О «Поезд»	Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын (біреу-көп), ажыратуын дамыту <b>(сенсорика)</b> Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» үлкен кіші мұнараларды пластмас сақиналардан құрастырғызу <b>(құрастыру)</b>	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. <b>(құрастыру)</b> Қ/О «Кім жылдам» Еркін ойындар.

	(кұрастыру)				
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. ( <b>Балармен жеке жұмыс.</b> )				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде ойнайтын ойындарды ұсыну. Апта бойы балалардың алған әсерлерін әңгімелесу арқылы үйде жалғастыруды ұсыну.				

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2026 жыл 4 апта

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы**

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.04.2026-24.04.2026 жыл, қыркүйек айы, 4- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.04.2026	Сейсенбі 21.04.2026	Сәрсенбі 22.04.2026	Бейсенбі 23.04.2026	Жұма 24.04.2026
<b>Балаларды қабылдау</b>	Өнегелі тәрбие. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, жайлы жағдай жасап, смайлик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(тіл дамыту).				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Қауіпсіздік кережелерімен таныстыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> ) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Таңғы жиын. «Қошақаным қайда екен» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Достық» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. (тіл дамыту)</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>		<p><b>Музыка</b> Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
	<p>Екі дос қуыршақты көрсету. Олармен бірге балаларды бір бірімен дос боламыз деп екеу ара құшақтастыру. Достар қандай болу керек деп достық ережелерін суреттер</p>	<p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды</p>	<p>Қонаққа келген атаның қоржынындағы заттармен танысу арқылы қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді?)</p>	<p>Ғажайып қоржыннан әр түрлі заттарды бір бірден алып онымен не істеу керектігін ойлап табуын ұйымдастыру. Жапсыратын заттарды фланелеграфқа</p>	<p>Қоржынан алған затты сипаттату. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі</p>

	<p>арқылы таныстыру. Бірге ережелерді суреттер арқылы атату. <b>(тіл дамыту)</b></p> <p><b>Көктем тақпағын қайталап айту.</b> Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>қамқорлыққа баулу <b>(тіл дамыту, көркем әдебиет, музыка)</b></p>	<p>Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. <b>(тіл дамыту және көркем әдебиет)</b> Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін қолдану дағдыларын дамыту. <b>(сенсорика)</b></p>	<p>жабысытырғызу. Қарандаштармен сурет салғызу. Ермексазды домалақтап, ойын ойнату. <b>(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</b></p>	<p>бойынша әр текті заттарды салыстыруды үйрету. <b>(сенсорика)</b></p> <p>Құрылыс ойыншықтарымен еркін ойындар ойнату <b>(құрастыру)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				

<p><b>Серуен</b></p>	<p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектер әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. <b>(сенсорика)</b></p>	<p>Құмда еркін тақырыпта сурет салу. <b>(сурет салу)</b></p> <p>Дидактикалық ойын</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру және түрлі құрылыстарды жасату</p>	<p>Кітаптарды қарату, ішіндегі танитындарын атату. Сөйлем құрап сөйлеуге үйрету. <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p>Ауа райның ерекшеліктерін байқату. Гүлдер мен ағаштардың өзгерістерін байқату, желдің соғуына зейін аудыру <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p>	<p>Ауа райының жылығаны, күннің шуағының жылы екенін, құстардың келгенін, желдің бағытын анықтату. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Қимылды ойын «Өз үйіңді тап»</p>	<p>Ауа райының ерекшеліктерін байқату. Гүлдерге ағаштарға су құйдыру. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Бірғақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін ұйымдастыру <b>(музыка)</b></p>

		(Құрастыру)			
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру <b>(көркем әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b>				
<b>Бесін ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Достар ойнайтын ойыншықтарды ермексаздан жасату. <b>(мүсіндеу)</b> Фланелеграфта геометриялық фигуралардан машиналарды,	Ойыншықтардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсырту <b>(Жапсыру)</b>	Сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату. <b>(Мүсіндеу)</b> Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындарды ойнауға жағдай жасау	Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b> Жануарлар ойыншығын	Аңдар мен құстардың достарын тауып екі екіден айтқызып, жапсырту. Ләпбук арқылы ойындар ойнату <b>(жапсыру)</b>

	үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау. <b>(жапсыру)</b>		<b>(кұрастыру)</b>	топтастырып ойнату. заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау. <b>(сенсорика)</b>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	отбасы жайлы суреттер көрсетіп олар кімдер не істеді жайлы сұрақтарға жауап беру дағдысын дамыту.	кейіпкерлердің дауысын салуды жетілдіру.	үстел үсті құрастырмалы материалдардан бөпе құршаққа кереует жасап орналастыруды үйрету.	қуыршақ қолындағы табаққа күлше түрлерін жапсырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыру.	саусақ қимылдарын дамыту.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Әртүрлі көлемдегі заттарды жинап достық алаңын жасауды үйрету <b>(кұрастыру)</b> Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу	К/о «Кім жылдам» Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізуді пысықтау <b>(сенсорика)</b>	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. <b>Еркін ойындар</b> Бірғақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін ұйымдастыру <b>(музыка)</b>	К/о «Жалауға қарай жүгір» Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындар ойнату <b>(кұрастыру)</b>	Қ/О «Өз үйіңді тап» Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b>

<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Маша мен аю мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру. Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				

**Сәуір айы**  
**2026 жыл 5 апта**

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы**

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.04.2026-01.05.2026 жыл, қыркүйек айы, 5- апта

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 27.04.2026</b>	<b>Сейсенбі 28.04.2026</b>	<b>Сәрсенбі 29.04.2026</b>	<b>Бейсенбі 30.04.2026</b>	<b>Жұма 01.05.2026</b>
---------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	----------------------------

<b>Балаларды қабылдау</b>	Өнегелі тәрбие.Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. <b>(тіл дамыту).</b>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру) Балалармен жеке жұмыс.</b>
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар)
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b> Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбері «Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Құстар туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары

	бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (тіл дамыту) Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>		<b>Музыка</b> Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	<b>Дене тәрбиесі</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша" еңбектеу; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; <u>Қимылды ойын:</u> «Күміс алу»	<b>Дене тәрбиесі</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру <u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр»	
	Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Күндіз ба, әлде түн ба? Аспанда біз не көреміз? Құстар туралы не білесіңдер? Құстар күндіз ұша ма? Әлде түнде ұшады ма? сұрау	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа	Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Ондағы заттарды атату. Құс қанат оюын көрсетіп таныстыру. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін	

	<p>Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Құстар туралы айтып беру.</p> <p><b>(Қоршаған әлеммен таныстыру)</b></p> <p>Құстардың қайсысы сендерге ұнады? Самолеттарды құстарға қарап жасағанын айту. Құстардың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе?сұрау. Сөйтіп орталықтарға бөлінейік деп ұсыну. Бірінші орталықта балалар құстың суретін саладырту, екінші орталықта қағаздан бүктеп самолет жасату оны ұшыруын ұйымдастыру.</p> <p><b>(кұрастыру, сурет салу)</b></p>	<p>баулу</p> <p><b>(тіл дамыту, көркем әдебиет, музыка)</b></p>	<p>артикуляциясын нақтылау және бекіту <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>(сурет салу)</b></p>	<p>ұйымдастыру <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өздері таңдаған заттың суретін салғызу <b>(сурет салу)</b></p>	
<b>Екінші таңғы ас</b>	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру				

<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. <b>(Салауатты өмір салтын қалыптастыру)</b></p> <p>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесігерді байқау және атауды дамыту. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<b>Серуен</b>	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №4		Картотека №5
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айтқызу және т.б. жаттату. <b>(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)</p> <p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ай мен жұлдыз туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою <b>(көркем әдебиет)</b></p>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b></p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Балаларды кітап орталығына жинап, құстардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. артикуляциялық аппаратты дамыту. Ермексаздан құстарға жем жасату. (тіл дамыту, мүсіндеу)</p>	<p>Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан және ермексаздан аққу жасауды ұсыну. «Аққуды атпа, досыңды сатпа.» Мақалды жаттату. (мүсіндеу және жапсыру)</p>	<p>«Құстар біздің досымыз» тақырыбында суреттер қарату. Оларға қалай қамқорлық таныту керектігін суреттер арқылы көрсету. Топтағы құстарға жем және су беру. (Қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. (мүсіндеу)</p> <p>«Құстар шеруі» тақырыбында ұжымдық жұмыс. Желімдеудің техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. (жапсыру)</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру)</p> <p>Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)</p>	
--	--	--	---	--	--

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету.	фортепианоның дыбысталуын ажырата білуге үйрету. ртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, санын (біреу-көп деп ,ажыратуын дамыту.	әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен тіземен тіреп) еңбектеуді үйрету. көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету.	тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды ,доптарды нысанға қарай домалатуды үйрету.	
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу.( <b>тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын «Трамвай»  Балаларға дайын құстар бейнесін ұсынып,оларды үйлестіріп лэпбукта жапсыруды жасату. ( <b>жапсыру</b> )	<b>Қимылды ойын:</b> «Мысық пен тышқан»  Бормен дербес шығармашылық жұмысын ұйымдастыру. ( <b>Сурет салу</b> )	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру ( <b>көркем әдебиет</b> )  Еркін ойындар	<b>Қимылды ойын</b> «Хан талапай»	
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру.				

<b>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. <b>(Қоршаған әлеммен таныстыру) Балалармен жеке жұмыс.</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Құстар әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.

## ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР

### Сәуір айы

1. Бастапқы қалып: Тәрбиешінің соңынан жүріп (15 сек) сапқа тұрады.
2. Бастапқы қалып: Балалар қолдарын белдеріне қойып, оң – сол жаққа иіліп сап түзеп жүреді. (Қонжықтар серуенге шықты).
3. Бастапқы қалып: Қолдарын белдеріне қойып бытырап жүреді. Еңкейіп қолдарын еденге тигізеді. (Қонжықтар жиде тереді).
4. Бастапқы қалып: Оңға бұрылып бойымен тәрбиешінің соңынан қолдарын бүйіріне қойып жүру

### ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

#### Өз үйінді тап

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

#### Жүгіріп қағып ал.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5-2м) Тәрбиеші» Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

#### Құстың қауырсыны кімге барады.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

### **Жалауға қарай жүгір**

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

### **Шарды ұста**

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

### **Күн мен жаңбыр**

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

### **Ұшақтар**

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### **Автобус**

Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

### **Торғайлар**

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балалармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді. Содан соң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады. Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.

### **Төгілген жіптерді жылдам жина**

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### **«Ортамызда кім жоқ»**

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?

Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып, баланың атын айтады.

Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### **Санжардың ойыншықтары**

Санжар бес жасқа толғанда, әкесінің достары Санжардан он есе келетін ақ аю әкеліп, сыйға тартты. Түрнекші маймыл, кісінеген тұлпар, зырылдаған мәшине, ұшақ, тікұшақ... Ойыншықтардың түрі көп. Әсіресе әкесі мен анасының сыйға тартқан пойызы Санжарға қатты ұнады.

Санжардың Әскербек көкесі теміржолды құрастырып, тепловозға вагондарды тіркеп, іске қосып еді, пойыз музыкалатып, жарығын жарқыратып, жолға түсті. Санжар қауна ойнап, шаршады да кеш жатып, ұйықтап қалды.

Ертесінде Санжар балабақшаға кетті. Оның бөлмесіне кіріп келген әкесі «апатқа ұшырап» жатқан пойызды ойрантопыр шашылып жатқан ойыншықтарды көріп, Санжар мен оның көкесіне кейіп, ойыншықтарды қоймағажинап тастады.

Санжар балабақшадан келіп:

— Әке, менің ойыншықтарым қайда кеткен? — деп, таңырқай сұрады.

— Ойыншықтарың «бізді қорлады, шашып тастады» — деп, өкпелеп, қашып кетті, деп әкесі қабағын түйді.

— Мен енді ойыншықтарды өкпелетпеймін, оларды орналастырып, жинап қоямын, — деп, Санжар жыламсырады.

Санжардың әкесі оған ойыншықтарын алып келді де:

— Ойыншықтар ойнау үшін, ойлау үшін беріледі. Бұларды шашпа. Жинақы бол. Әрбір ойыншықты өз орнына қойып, рет-ретімен ойна, — деп, қатаң талап қойды.

Енді Санжар әкесінің қойған талаптарын орындап, ойыншықтарын шашпай, ретімен ойнап жүр.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

### Мамыр айы 2026 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: **ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы**

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.05.2026-08.05.2026 жыл, қыркүйек айы, 1- апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.05.2026	Сейсенбі 05.05.2026	Сәрсенбі 06.05.2026	Бейсенбі 07.05.2026	Жұма 08.05.2026
<b>Балаларды қабылдау</b>	Өнегелі тәрбие. Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>тіл дамыту</b> ).				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру. . Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел –үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, ( <b>тіл дамыту</b> ) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. <b>Балармен жеке жұмыс. (Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>				
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Мамыр айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				

<b>Таңғы ас</b>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b>)  Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (<b>тіл дамыту</b>)</p>			
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады.  Достық туралы не білетінін сұрау?  Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. Б. (<b>тіл дамыту</b>)  Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>			
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>		<p><b>Музыка</b>  <u>Музыка тыңдау:</u>  Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуге қалыптасады.  <u>Ән айту:</u> Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұнды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.  <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u>  Музыкаға сәйкес қимылдарды</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>  <u>Негізгі қимылдар:</u>  тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;  Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;  Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>  <u>Негізгі қимылдар:</u>  тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру;  Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру;  Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру  <u>Қимылды ойын:</u></p>

		орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді. Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.	<u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр»		«Допты дәлдеп лақтыр»
	Ересектермен бірге достық туралы ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу <b>(көркем әдебиет)</b>	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.  <b>(тіл дамыту)</b>			Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. <b>(тіл дамыту)</b>
<b>Екінші таңғы ас</b>	Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру				

<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (<b>тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).</p>			
<b>Серуен</b>		Картотека №6	Картотека №7	Картотека №8
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (<b>көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті</b>).</p>			
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>(<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>)</p>			
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегілер оқып беру (<b>көркем әдебиет</b>)</p>			
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (<b>дене жаттығулар мен белсенділігі</b>)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</p> <p>Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p>			

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> .				
<b>Бесін ас</b>	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу <b>(көркем әдебиет және тіл дамыту)</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану, жапсыру <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b>	Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. <b>(жапсыру)</b>		Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. <b>сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,</b>  Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату <b>(музыка)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту.	қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.		желдің дауысын ууу деп салуды үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Құмнан зымыран жасау.	Еркін ойындар <b>Қимылды ойын</b>	Еркін ойындар <b>Қимылды ойын</b>		<b>Қимылды ойын</b> «Сақина жасыру.»

	<b>(құрастыру)</b> <b>Қимылды ойын</b> «Мысық пен тышқан»	«Ханталапай» Құмда таяқшалармен еркін тақырыпта сурет салуын ұйымдастыру <b>(сурет салу)</b>	«Ханталапай» Құмда таяқшалармен еркін тақырыпта сурет салуын ұйымдастыру <b>(сурет салу)</b>		Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. <b>(құрастыру)</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел –үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, <b>(тіл дамыту)</b> Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. <b>Балармен жеке жұмыс. (Қоршаған әлеммен таныстыру)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

## Мамыр айы

### 2026 жыл 2 апта

Білім беру ұйымы: ЖШС "Инжу BABY LAND" балабақшасы

Топ: Кіші топ «**Ерке**»

Балалардың жасы: **2 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.05.2026-15.05.2026 жыл, қыркүйек айы, 2 -апта

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 11.05.2026</b>	<b>Сейсенбі 12.05.2026</b>	<b>Сәрсенбі 13.05.2026</b>	<b>Бейсенбі 14.05.2026</b>	<b>Жұма 15.05.2026</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Өнегелі тәрбие.Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту <b>(тіл дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. <b>(тіл дамыту)</b> Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) <b>Балармен жеке жұмыс.</b> Бақылау к үнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
<b>Танертенгі жаттығу</b>	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</b> . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Таңғы жиын:          Балалар қазір жылдың қай мезгілі?          Көктем мезгілінде неше ай бар?          Қандай айлар атап беріндерші?          Көктемде не жауады?          Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.          «Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. Б. <b>(тіл дамыту)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>		<p><b>Музыка</b>          Музыка тыңдау:          Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуге қалыптасады.          Ән айту: Ән сөздерін дұрыс және анық айтуға, әннің сипатын бере білуге (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) қалыптасады.          Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкаға сәйкес қимылдарды орындауға, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауға үйренеді.          Билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануға талпынады.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Жалпы дамытушы жаттығулар.          Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру; шеңбер бойлап жүгіру; тұрған жерінен ұзындыққа секіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.          Қимылды ойын: Поезд</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Жалпы дамытушы жаттығулар.          Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Қимылды ойын: «Күміс алу»</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Жалпы дамытушы жаттығулар.          Негізгі қимылдар: тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»</p>

	<p>Көктемнің екінші айы Мамыр екенін. «Мамыр болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. <b>(кұрастыру, жапсыру)</b></p>	<p>Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту <b>(сурет салу)</b></p>	<p>«Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. <b>(музыка)</b></p>	<p>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. <b>(тіл дамыту)</b></p> <p>Құмда сурет салу. <b>(сурет салу)</b></p>	<p><b>Қайырлы таң, балалар!</b></p> <p>Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар!</p> <p>Тақпағын жаттату</p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату <b>(тіл дамыту)</b></p>
<p><b>Екінші таңғы ас</b></p>	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру</p>				

<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. <b>(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату <b>(музыка)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b> Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>				
<b>Бесін ас</b>	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексаздан қызғалдақ жасату. <b>(мүсіндеу)</b> Балалар ұнататын әндерін қайталап	Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәнгерді жапсырып құмыраны сәндету <b>(мүсіндеу)</b> Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету.	Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденеңнен орналастыру	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен

